**Жоба туралы қысқаша ақпарат**

| | |
|---|---|
| Жоба аты | AP19576316 «Тарбағатайдың оңтүстік беткейлеріндегі ерте темір дәуірінің археологиялық кешендері: пәнаралық зерттеу» |
| Жоба өзектілігі | Ғылыми өзектілігі - өлкенің археологиясы туралы жаңа ақпарат алумен байланысты.Оны енгізу Шығыс Қазақстанның сақ дәуірінің кейбір мәселелерін (жерлеу рәсімі, мерзімі, материалдық мәдениет және т.б.) қайта қарауға мүмкіндік береді. |
| Жоба мақсаты | Тарбағатайдың оңтүстік беткейіндегі ерте темір дәуірінің археологиялық кешендерін пәнаралық зерттеу. |
| Жоба міндеттері | - Тарбағатайдың ерте темір дәуірі ескерткіштерінің аймақтық-уақытнамалық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың тарихнамасы мен зерттелу тарихына байланысты мәселелерді зерделеу.<br>- Жоба бойынша деректер базасын толықтыру және сапалы материалдарға қол жеткізу үшін Тарбағатайдың оңтүстік беткейінде кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу: ерте темір дәуірінің жаңа археологиялық ескерткіштерін анықтау, тізімге алу және топографиялық жоспарын түсіру, қазба жүргізілетін нысандарды анықтау және оларды георадар арқылы сканерлеу;<br>- Далалық жұмыстар барысында алынған материалдарға пәнаралық зерттеулер жүргізу: радиокөміртек талдауы, остеологиялық зерттеулер, 3D сканер арқылы бас сүйектің графикалық реконструкциясы, керамика бойынша физикалық талдаулар, ескерткіштің 3D моделі, ГАЖ (Географиялық ақпараттық жүйе) картографиялау және т.б.;<br>- Мәдени байланыстардың басты бағыттарын және дүниетанымның үндестігін айқындау мақсатында өңірдің петроглиф кешендерін, жерлеу ғұрпын және заттық кешенін сараптау;<br>- Алынған барлық мәліметтерді қорыту: өңірдің ерте темір дәуірі тұрғындары мәдениетінің генезис мәселелері, эволюциялық дамуы және мәдени ықпалдастығын түйіндеу. Сонымен бірге, Тарбағатайдың оңтүстік беткейі ескерткіштерінің Еуразияның далалық кеңістігіндегі мәдени қалыптасулар жүйесіндегі орнын қарастыру;<br>- Үш жылдық зерттеулердің қорытындысы бойынша ғылыми жинақ жариялау. Одан бөлек конкурстық құжатнамаға сәйкес ғылыми мақалалар шығару. |
| Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер | - Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index индекстелетін және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес)процентильге ие |

| | |
|---|---|
| | рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу жарияланады;<br>- ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу жарияланады;<br><br>- жобаны орындау нәтижесінде ғылыми басылым даяндалады және жарияланады;<br>- ерте темір дәуірі бойынша жаңа ескерткіштер ашылып, олар бойынша топографиялық жоспарлар түсіріледі;<br>- археологиялық кешендерден алынған материалдарға пәнаралық зерттеулер жүргізіліп, ғылыми айналымға жаңа мәліметтер енгізіледі (мерзімдеу, тамақтану жүйесі және т.б.);<br>- жаңадан алынған антропологиялық материалдар бойынша ерте темір дәуірі адамдарының 3D графикалық жаңғыртпасы жасалды;<br>- жергілікті музей қорлары жаңа жәдігерлермен толықтырылады.<br><br>2023 жылы келесі нәтижелерге қол жеткізілді. Тастақ қорымында қазба жұмыстары жүргізілді. Зертханалық зерттеулерге материалдар алынды, солардың негізінде нақты мерзімде жасалды. Ерте темір дәуіріндегі осы қорымның топографиялық жоспары түсірілді. Далалық зерттеулер нәтижесінде алынған археологиялық материалдарға пәнаралық зерттеулер жүргізілді. Өңірдің ерте темір дәуірінің мәселелер бойынша толық биографиялық көрсеткіш құрастырылды. |
| Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер | 1.Жуматаев Ринат Серикович, Доктор (PhD), - Индекс Хирша – 2, ResearcherID - T-1620-2017; https://orcid.org/0000-0002-2291-4992; Scopus Author ID -57222067364<br>2.Шакенов Самат Талгатович, Scopus Author ID - 57222073182 |
| Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген) | |
| Патент туралы ақпарат | - |